

Әуликөл ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы әкімінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 ақпанда № 7502 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауылының тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қостанай облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы қорытындысы негізінде Әуликөл ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әуликөл ауылының келесі көшелері қайта аталсын:

- 1) Степная көшесін Қуаныш Шамшиев көшесіне;
- 2) Больничная көшесін Салық Молдахметов көшесіне;
- 3) Зеленые ряды көшесін Медет Досымханов көшесіне;

2. "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл ауылының әкімі

Д. Тлемисов